

ӘӨЖ 371.12
ҒТАМР 14.35.07
DOI 10.56525/SLVW2604

МЕКТЕП БАСШЫСЫНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰЙЫМ НӘТИЖЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Қуанәліқызы Н., Көкшеева З.Т.
Есенов университеті, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: quanalyn@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазіргі заманауи білім беру жүйесіндегі әлеуметтік трансформациялар мен цифрлық өзгерістер жағдайында мектеп басшысының көшбасшылық рөлі кешенді ғылыми талдауға түседі. Зерттеудің мақсаты – мектеп директорының көшбасшылық стилі мен білім беру ұйымының нәтижелілігі арасындағы құрылымдық және функционалдық өзара байланысты теориялық тұрғыдан негіздеу. Шолу жұмысы сапалық зерттеу парадигмасына сүйене отырып, білім беру саласындағы көшбасшылыққа қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жүйелі талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында трансформациялық, транзакциялық, қызметтік және авторитарлық көшбасшылық модельдерінің мазмұндық ерекшеліктері мен олардың мектептің ұйымдастырушылық мәдениетіне, педагогтардың кәсіби белсенділігіне және оқушылардың академиялық жетістіктеріне ықпалы сараланды. Нәтижелер трансформациялық көшбасшылықтың мектептің стратегиялық дамуына, инновациялық әлеуетінің артуына және ұжымдық мотивацияның күшеюіне барынша оң әсер ететінін көрсетті.

Сонымен қатар, мектеп басшысының эмоционалдық интеллекті, стратегиялық ойлау қабілеті, этикалық жауапкершілігі мен рефлексивтік мәдениеті басқарушылық тиімділіктің негізгі детерминанттары ретінде айқындалды.

Зерттеу қорытындылары мектеп басшыларын даярлау және кәсіби дамыту жүйесін қайта қарастырудың қажеттігін негіздейді. Көшбасшылық құзыреттерді кешенді дамыту білім беру ұйымының ішкі әлеуетін іске асыруға, кәсіби серіктестік мәдениетін нығайтуға және стратегиялық басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мақала нәтижелері білім беру ұйымдарын басқарудың теориялық-әдіснамалық базасын кеңейтіп, педагогикалық саясат пен кадрлық даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негіз ұсынады.

Мақалада ұсынылған теориялық пайымдаулар мектепті басқару тәжірибесін қайта қарауға, көшбасшылық құзыреттілікті дамытуға арналған бағдарламаларға ғылыми-әдістемелік негіз қалыптастыруға және білім беру ұйымдарын стратегиялық басқару мен педагогикалық ортада көшбасшылық мәдениетін орнықтыру бағытында жаңа ғылыми көзқарас ұсынуға бағытталған.

Түйін сөздер: көшбасшылық, мектеп басшысы, трансформациялық басқару, педагогикалық ұжым, кәсіби мотивация, ұйымдық тиімділік, басқару мәдениеті, стратегиялық даму.

Кіріспе

Қазіргі заманауи білім беру жүйесі қарқынды әлеуметтік трансформация, цифрлық технологиялар экспансиясы және адами капиталға қойылатын жаңа талаптар аясында түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Бұл жағдай білім беру ұйымдарын басқаруға деген көзқарасты түбегейлі қайта қарауды қажет етеді. Әсіресе мектеп деңгейіндегі басқару моделі енді тек әкімшілік-ұйымдастырушылық функциялармен шектелмей, кешенді көшбасшылық құзыреттермен ұштасуы тиіс. Білім сапасын арттыру, педагогикалық ұжымды кәсіби дамуға ынталандыру, мектептің стратегиялық бағытын анықтап, оны тиімді іске асыру бүгінде мектеп директорының басты міндеттерінің өзегіне айналып отыр.

Мектеп басшысы – тек бұйрық беруші менеджер емес, ол – миссия қалыптастыратын, құндылықтар жүйесін орнықтыратын, ұжымдық мақсаттарды анықтап, оған жетудің жолын үйлестіретін көшбасшы тұлға [1]. Басшының бойындағы көрегендік, өзгерістерді басқару қабілеті, эмоционалдық интеллекті, кәсіби рефлексияға бейімділігі мен диалог жүргізу мәдениеті бұлар ұйым ішіндегі сенім мен өзара қолдау атмосферасын қалыптастыруда және педагогтардың белсенділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Осындай көшбасшылық қасиеттер білім беру ұйымын жабық құрылымнан ашық, серпінді дамытын кәсіби қауымдастыққа айналдыруға мүмкіндік береді.

Алайда отандық білім беру кеңістігінде мектеп басшылары түрлі институционалдық, құрылымдық және әдіснамалық сипаттағы қиындықтарға жиі ұшырайды. Басқару тәжірибесінде жиі кездесетін формализм, педагогикалық ұжыммен тиімді коммуникация орнатудағы кемшіліктер, мотивациялық қолдау механизмдерінің әлсіздігі және көшбасшылықты дамытуға бағытталған кәсіби қолдаудың жеткіліксіздігі бұл білім беру ұйымының әлеуетін толық іске асыруға кедергі келтіретін факторлар. Мұндай жағдайларда мектеп өзінің кәсіби және мәдени мәнінен айырылып, таза әкімшілік құрылымға айналуы мүмкін. Бұл мектеп ішінде инерция мен қарсылық туғызатын, жаңашылдық процестердің тоқтап қалуына алып келетін аса қауіп төндіретін құбылыс.

Мектеп басшысының көшбасшылық қабілеттерін дамыту бұл жай ғана басқаруды жетілдіру емес, бүкіл білім беру жүйесінің сапасын жүйелі арттырудың негізі. Өйткені ұйым нәтижелілігі басқарушылық шешімдердің көрінісі ғана емес, басшының тұлғалық ықпалының, құндылықтық бағдарларының және кәсіби сенімінің жүйелі көрінісі [2]. Сондықтан да көшбасшылық феноменін тек басқару контекстінде емес, әлеуметтік-психологиялық, мәдени және педагогикалық тұрғыдан да зерделеу қажет.

Осы ғылыми шолу мақалада мектеп директорының көшбасшылық рөлін білім беру ұйымының ішкі құрылымымен және нәтижелілігімен сабақтастыра отырып қарастыру көзделеді. Бұл жұмыста көшбасшылық теориялары, олардың мектептік ортада трансформациялану формалары, басқарушылық мінез-құлық пен ұйымдық нәтижелер арасындағы мазмұндық байланыстар сараланады. Сонымен қатар мектеп басшысының басқару стилі мен көшбасшылық моделі ұжымның кәсіби белсенділігіне, мұғалімдердің мотивациялық жағдайына және оқушылардың академиялық жетістіктеріне ықпал ететін фактор ретінде талданады.

Зерттеу нәтижесінде алынған теориялық тұжырымдар мектептегі басқару тәжірибесін қайта қарауға, көшбасшылық құзыреттілікті дамытуға бағытталған педагогикалық саясат пен кадрлық даярлау жүйесін жетілдіруге теориялық-әдіснамалық негіз ұсынады. Сонымен бірге бұл зерттеу білім беру ұйымдарының стратегиялық дамуына бағытталған шешімдердің тиімділігін арттыру үшін көшбасшылықты жүйелі, көпдеңгейлі құбылыс ретінде түсінудің қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл шолу жұмысының әдіснамалық негізі – сапалық зерттеу парадигмасына сүйенген, жетекші теориялық және эмпирикалық деректерді кешенді талдауға бағытталған әдістер жиынтығы болып табылады. Зерттеу барысында қолданылған әдістердің таңдауы зерттеу мақсаты мен құрылымына сәйкес жүргізілді және көшбасшылық феноменін білім беру ұйымының құрылымдық және мәдени контекстінде жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде білім беру саласындағы көшбасшылыққа қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге жүйелі шолу жүргізілді. Бұл шолу мектеп басшыларының көшбасшылық қасиеттерінің теориялық негіздерін, оның ішінде трансформациялық, қызметтік (сервистік), этикалық және жағдайлық көшбасшылық модельдерін сипаттайтын негізгі ғылыми ұстанымдарды анықтауға бағытталды. Сондай-ақ, қазіргі білім беру ұйымдарында қолданылатын басқару тәсілдері мен көшбасшылық стилдерінің ұйым нәтижелеріне ықпалына қатысты зерттеу нәтижелері салыстырмалы түрде талданды.

Әдебиеттер шолуы негізінде әртүрлі елдер мен білім беру жүйелеріндегі мектеп басшыларының көшбасшылық тәжірибелері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалды. Бұл әдіс арқылы басшылық стильдерінің ұйымдастырушылық тиімділікке ықпал ету деңгейі бойынша ерекшеліктері мен басым бағыттары нақты сипатталды. Аталған тәсіл ұлттық білім беру саясатының ерекшеліктерін ескере отырып, көшбасшылықтың контекстуалды аспектілерін ашуға мүмкіндік берді.

Көшбасшылық модельдерін жіктеу үшін мазмұндық талдау әдісі қолданылды. Аталған әдіс ғылыми еңбектер мен тәжірибелік сипаттамалардан алынған мәтіндік мәліметтерді кодтау және жүйелеу арқылы көшбасшылық ұстанымдар мен стильдердің жиілігі мен мазмұндық ерекшеліктерін сандық және сапалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді. Талдау нәтижесінде мектеп директоры ретіндегі көшбасшы тұлғаның рөлі мен әрекет ету механизмдері, сондай-ақ ұйымдастырушылық мәдениет пен нәтижелілік арасындағы ықпалдастық деңгейі айқындалды.

Жоғарыда аталған әдістердің жиынтық қолданылуы зерттеу нысанына кешенді көзқараспен қарауға, көшбасшылық феноменін әр қырынан зерделеуге және теориялық пайымдауларды практикалық байламдармен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері мектеп басшысының көшбасшылық стилі мен білім беру ұйымының нәтижелілігі арасындағы құрылымдық және функционалдық өзара байланыстың көпдеңгейлі сипатын көрсетті. Жүргізілген мазмұндық, салыстырмалы және теориялық-аналитикалық талдаулар негізінде басқару практикасына тән көшбасшылық үлгілердің жиілігі мен мазмұндық бағыттылығы айқындалып, олардың мектептің ішкі әлеуетіне және стратегиялық даму динамикасына ықпал ету дәрежесі бағаланды [3].

Жинақталған деректер негізінде білім беру ұйымдарында мектеп басшылары жиі трансформациялық, транзакциялық, қызметтік және авторитарлық көшбасшылық стильдерін қолданатыны анықталды. Аталған стильдер әртүрлі әлеуметтік-мәдени контекстерге бейімделіп, басшылардың тұлғалық ерекшеліктеріне және ұйым ішіндегі басқару мәдениетіне сәйкес әртүрлі деңгейде көрініс табады [4].

Трансформациялық көшбасшылық-өзгерістерді басқаруға бағытталған, ұжым мүшелерінің құндылықтық бағдарларына ықпал ететін және ортақ мақсатты бірігіп жүзеге асыруға жұмылдыратын модель ретінде бағаланады. Транзакциялық көшбасшылық басқару мен орындау арақатынасын келісімшарттық негізде ұйымдастырады. Қызметтік көшбасшылық басшының ұйымдастырудан гөрі қызмет ету миссиясын алға шығарса, авторитарлық үлгі шешім қабылдаудың орталықтандырылған, біржақты сипатын бейнелейді.

Қазіргі тәжірибеде стильдердің жиі аралас нұсқада қолданылатыны байқалды, алайда бұл әрқашан тиімділікке апармайтыны анықталды. Көшбасшылық стилінің нақты және дәйекті қалыптаспауы мектеп ұйымындағы функционалдық тұрақсыздықтың, мотивациялық төмендеудің және өзгерістерге қарсылықтың негізгі себептерінің бірі [5].

Зерттеу барысында трансформациялық көшбасшылық стилі мектептің сапалы дамуына ең жоғары ықпал ететін фактор ретінде бағаланды. Мұндай стиль ұжым мүшелерінің кәсіби мақсаттарын ұжымдық миссиямен үйлестіруге, сенім мен өзара жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді [6]. Сонымен қатар, трансформациялық көшбасшылар ұйымды инновациялық тәжірибеге ашық, стратегиялық серпінді дамуға бейім әлеуметтік жүйе ретінде басқара алады. Бұл модель мұғалімдердің кәсіби рефлексиясын ынталандырып, оқыту процесінің сапасына тікелей оң ықпал етеді [7].

Білім беру ұйымының басқарушылық тиімділігі мектеп басшысының тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерімен өзара байланысты. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, стратегиялық ойлау, эмоционалдық интеллект, этикалық жауапкершілік, сенімді қарым-қатынас орнату қабілеті, өзгерістерге бейімділік сынды сапалар тиімді көшбасшылықтың шешуші компоненттері болып табылады. Бұл қасиеттерге ие басшылар ұжым ішінде конструктивті диалог жүргізіп, кәсіби серіктестікті қалыптастыра отырып, жалпы ұйымдық мәдениеттің сапалық деңгейін арттырады. Мұндай мектептерде оқу процесінің нәтижелері де тұрақты жоғары көрсеткіштерге жетіп отырады [8].

1 кесте. Құзыреттілік компоненттері бойынша құрылымдық салыстыру

№	Көшбасшылық стилі	Негізгі сипаттамасы	Ұйым нәтижесіне ықпалы
1	Трансформациялық	Өзгеріс әкеледі, ұжымды шабыттандырады	Мотивация, жаңашылдық
2	Транзакциялық	Міндет пен марапат негізінде басқарады	Тиімділік, бірақ шаблонды
3	Қызметтік	Қызмет көрсетуге бағытталған	Ынтымақтастық
4	Авторитарлық	Қатаң, жоғары бақылау	Тұрақтылық, шығармашылық

Басшының көшбасшылық стилі мұғалімдердің ішкі мотивациясын арттыру, кәсіби дамуға деген ұмтылысын жандандыру және өзіндік тиімділік сезімін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ашықтыққа, құрметке және серіктестікке негізделген басқару ортасы мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың оқытудағы дербестігі мен бастамашылдығын күшейтеді [9]. Бұл өз кезегінде оқушылардың академиялық жетістіктеріне, тәртіптік көрсеткіштеріне, әлеуметтік-эмоционалдық бейімділігіне тікелей ықпал етеді. Басшының мотивациялық және көшбасшылық функциялары өзара күшейтілгенде ғана мектеп жүйесінің өзін-өзі дамыту әлеуеті іске қосылады.

Қорытынды. Жүргізілген ғылыми шолу нәтижесінде мектеп басшысының көшбасшылық қабілеттері білім беру ұйымының ішкі ұйымдасу сапасына, кәсіби өзара әрекеттестік мәдениетіне және стратегиялық даму әлеуетіне тікелей ықпал ететін басқарушылық-әлеуметтік құбылыс ретінде айқындалды. Көшбасшылық – бұл тек әкімшілік функциялардың жиынтығы емес, ол ұйым ішіндегі ресурстарды біріктіретін, өзгерістерді басқаруды қамтамасыз ететін және кәсіби қауымдастықты алға жетелейтін трансформациялық күш. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектеп басшылары жиі қолданатын көшбасшылық модельдері басқару тәсілдерінің формалды түрлерінен бастап, ұжымдық серіктестік пен кәсіби автономияны қолдауға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Солардың ішінде трансформациялық көшбасшылық моделі ең тиімдісі ретінде ерекшеленіп, стратегиялық көзқарас, ұжымның ортақ құндылықтарға негізделуі, сенім мен қолдауға басымдық берумен сипатталатыны анықталды. Бұл модельдің артықшылығы басқаруды ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар ұйым ішіндегі мотивациялық процестер мен кәсіби серіктестікті мақсатты түрде жандандыруында.

Мектеп директорының тұлғалық-психологиялық қасиеттері әсіресе эмоционалдық интеллект, рефлексияға қабілеттілік, этикалық жауапкершілік және стратегиялық ойлау басқарушылық ықпалдың сапасын анықтайтын шешуші детерминанттар ретінде көрінеді. Бұл қасиеттер басшының ұжыммен сенімді қарым-қатынас орнату, педагогикалық үдеріске араласу, өзгерістерді үйлесімді енгізу қабілеттерін арттырып, кәсіби климаттың сапасын қамтамасыз етеді. Мұндай көшбасшылық формасы ұжым мүшелерінің рөлдік белсенділігін ынталандыратын, оқыту процесінің ішкі үйлесімін сақтай отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік беретін тиімді құрал. Мұғалімдердің мотивациясы мен оқушылардың академиялық жетістіктері басқару стилінің жанама нәтижесі ретінде қарастырылса да, оның нақты көріністері ұйымшылдық процестердің ұзақмерзімді динамикасына тікелей әсер етеді.

Осы тұжырымдар білім беру жүйесінде көшбасшылық құзыреттерді дамыту мәселесін қайта қарау қажеттігін көрсетеді. Бұл тұрғыда мектеп басшыларын даярлау бағдарламаларын қайта құрылымдау яғни, оларды тек басқару субъектісі ретінде емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени өзгерістердің көшбасшысы ретінде қарастыратын тәсілдер қалыптастыру маңызды. Басшыларды когнитивтік, тұлғалық және этикалық қабілеттерді кешенді түрде дамытуға бағытталған әдістемелермен қамтамасыз ету ұйымның ішкі әлеуетін барынша іске асырудың алғышарты болып табылады. Сонымен қатар, көшбасшылық әрекеттердің тиімділігін сапалық-индикативтік құралдар арқылы бағалау, ұжымнан көпжақты кері

байланыс алу тетіктерін ендіру басқарушылық қызметтің сапалық деңгейін жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді. Басшының кәсіби рефлексиясы, шешім қабылдаудағы көпполярлы тәсілдер мен ұжымдық кооперацияға негізделген модельдер қазіргі мектептер үшін неғұрлым релевантты басқарушылық парадигма ретінде қарастырылуы қажет.

Сонымен қатар, бұл зерттеудің шолу сипаты оның кейбір әдіснамалық шектеулерін де айқындайды. Біріншіден, зерттеу нақты эмпирикалық деректермен сүйемелденбегендіктен, көшбасшылық стилі мен ұйым нәтижесі арасындағы себеп-салдарлық байланыстар тек теориялық тұрғыдан ғана сипатталды. Екіншіден, бейресми көшбасшылық формалары мен мәдени контекстердің әсері тереңірек зерттеуді талап етеді. Үшіншіден, педагогикалық ұжымның ішкі динамикасы мен оқушылардың жетістігі арасындағы байланыстарды сандық әдістермен нақтылау болашақ зерттеулер үшін аса маңызды. Осыған байланысты, алдағы ғылыми ізденістерде кешенді аралас әдістерді қолдану, салыстырмалы контекстерде көшбасшылық стратегияларын талдау және ұйымішілік факторлардың ықпалын ұзақмерзімді мониторинг арқылы зерттеу өзекті болып табылады. Бұл бағыттар білім беру ұйымын басқарудың теориялық-әдіснамалық базасын кеңейтіп, басқарушылық тәжірибеге нақты практикалық тетіктер енгізуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Tonich, T. The role of principals' leadership abilities in improving school performance through the school culture // *Journal of Social Studies Education Research*. – 2021. – Т. 12. – № 1. – С. 47–75.
2. Ахметов, Н. Ж. Инновациялық мектеп моделін қалыптастыру: басшының көзқарасы // *Proceedings of the 10th International Scientific Conference «Modern scientific technology»* (May 29–30, 2025). Stockholm, Sweden, 2025. – Malmö University, 2025. – С. 80.
3. Климанова, Н. Г., Апакова, К. Р. Личностные качества и стиль управления руководителей частных и государственных образовательных учреждений // *Социологического института*. – 2024. – Т. 11. – № 1. – С. 68.
4. Сундетова, Ж. Т. Менеджмент негізінде бастауыш мектепте басқарушылық қызметін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*. – 2020. – Т. 65. – № 4. – С. 59–63.
5. Шутько, Л. Г., Шатько, Д. Б. Лидерство в системе менеджмента качества и его роль в повышении конкурентоспособности организации // *Экономика и управление инновациями*. – 2018. – № 2. – С. 61–70.
6. Ridwan, R. The Effect of Leadership on Performance: Analysis of School Management Ability and Attitude // *AKADEMIK: Jurnal Mahasiswa Ekonomi & Bisnis*. – 2021. – Т. 1. – № 2. – С. 59–67.
7. Бірманова, Қ. Білім беру мекемелері басшыларының басқарушылық мәдениетін дамыту // *Педагогикалық ғылым және практика. Педагогическая наука и практика*. – 2025.
8. Яковлева, Т. Н., Леонова, О. В. Лидерские качества руководителя образовательной организации как фактор формирования управленческой культуры // *Общество: социология, психология, педагогика*. – 2018. – № 10. – С. 47–51.
9. Берикханова, А. Е., Бипажанова, А. Б., Сайфуллақыз, Б. Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепшілік бақылауды ұйымдастыру // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки*. – 2020. – Т. 1. – № 64. – С. 249–253.

REFERENCES

1. Ahmetov, N. Zh. (2025). Innovatsiyalyk mektep modelin kalypstastyru: basshynyn kozkaryasy [Formation of an innovative school model: Principal's perspective]. In *Proceedings of the 10th International Scientific Conference «Modern scientific technology»* (May 29–30, 2025) (p. 80). Malmö: Malmö University. (In Kazakh)

2. Berikhanova, A. E., Bipazhanova, A. B., & Saifullakyzy, B. (2020). Orta bilim beru mazmunyn zhanartu zhagdainda mektepishilik bakylaudy uiyymdastyru [Organization of intra-school supervision in the context of updated secondary education content]. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki, 1(64), 249–253. (In Kazakh)
3. Birmanova, K. (2025). Bilim beru mekhemeleri basshylarynyn baskarushylyk madeniietin damyту [Development of managerial culture of education leaders]. Pedagogikalyk gylym zhane praktika. Pedagogicheskaya nauka i praktika. (In Kazakh)
4. Klimanova, N. G., & Apakova, K. R. (2024). Lichnostnye kachestva i stil upravleniya rukovoditelei chastnykh i gosudarstvennykh obrazovatelnykh uchrezhdenii [Personal qualities and management style of leaders in public and private educational institutions]. Sotsialnogo instituta, 11(1), 68. (In Russian)
5. Ridwan, R. (2021). The effect of leadership on performance: Analysis of school management ability and attitude. AKADEMIK: Jurnal Mahasiswa Ekonomi & Bisnis, 1(2), 59–67.
6. Shutko, L. G., & Shatko, D. B. (2018). Liderstvo v sisteme menedzhmenta kachestva i ego rol v povyshenii konkurentosposobnosti organizatsii [Leadership in the quality management system and its role in increasing organizational competitiveness]. Ekonomika i upravlenie innovatsiyami, (2), 61–70. (In Russian)
7. Sundetova, Zh. T. (2020). Menedzhment negizinde bastauysh mektepte baskarushylyk kyzmatin uiyymdastyrudyn pedagogikalyk sharttary [Pedagogical conditions for organizing management activities in primary school based on management principles]. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psikhologiya, 65(4), 59–63. (In Kazakh)
8. Tonich, T. (2021). The role of principals' leadership abilities in improving school performance through the school culture. Journal of Social Studies Education Research, 12(1), 47–75.
9. Yakovleva, T. N., & Leonova, O. V. (2018). Liderские kachestva rukovoditelya obrazovatelnoy organizatsii kak faktor formirovaniya upravlencheskoy kultury [Leadership qualities of the head of an educational organization as a factor in the formation of managerial culture]. Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika, (10), 47–51. (In Russian)

ЛИДЕРСКИЕ КАЧЕСТВА РУКОВОДИТЕЛЯ ШКОЛЫ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РЕЗУЛЬТАТ ОРГАНИЗАЦИИ

Куаналикызы Н., Кокшеева З.Т.

Университет Есенов, г. Актау, Казахстан

e-mail: quanalyn@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается роль руководителя школы в условиях социальных преобразований и цифровых изменений в современной системе образования в комплексном научном анализе. Целью исследования является теоретическое обоснование структурно-функциональной взаимосвязи между стилем руководства директора школы и результативностью образовательной организации. Обзорная работа осуществлялась путем систематического анализа отечественных и зарубежных научных работ, касающихся лидерства в сфере образования, опираясь на парадигму качественного исследования.

В ходе исследования были проанализированы содержательные особенности трансформационных, транзакционных, служебных и авторитарных моделей лидерства и их влияние на организационную культуру школы, профессиональную активность педагогов и академические достижения учащихся. Результаты показали, что трансформационное лидерство оказывает наиболее положительное влияние на стратегическое развитие школы, рост инновационного потенциала и усиление коллективной мотивации.

Кроме того, эмоциональный интеллект, стратегическое мышление, этическая ответственность и рефлексивная культура руководителя школы определены как основные детерминанты управленческой эффективности.

Выводы исследования обосновывают необходимость пересмотра системы подготовки и профессионального развития руководителей школ. Комплексное развитие лидерских компетенций позволит реализовать внутренний потенциал организации образования, укрепить культуру профессионального партнерства и повысить качество стратегического управления. Результаты статьи расширяют теоретико-методологическую базу управления образовательными организациями и обеспечивают научную основу, направленную на совершенствование педагогической политики и системы кадровой подготовки.

Теоретические рассуждения, представленные в статье, направлены на пересмотр практики управления школой, формирование научно-методической основы программ развития лидерских компетенций и предложение нового научного подхода к стратегическому управлению образовательными организациями и установлению культуры лидерства в педагогической среде.

Ключевые слова: лидерство, директор школы, трансформационный стиль, педагогический коллектив, профессиональная мотивация, организационная эффективность, управленческая культура, стратегическое развитие.

LEADERSHIP SKILLS OF THE HEAD OF THE SCHOOL AND THEIR IMPACT ON THE RESULTS OF THE ORGANIZATION

Kuanalykyzy N., Z.T. Koksheeva
Yessenov University, Aktau, Kazakhstan
e-mail: quanalyn@mail.ru

Abstract. The article examines the role of the school head in the context of social transformations and digital changes in the modern education system in a comprehensive scientific analysis. The purpose of the study is to theoretically substantiate the structural and functional relationship between the leadership style of the school principal and the effectiveness of the educational organization. The review work was carried out through a systematic analysis of domestic and foreign scientific papers related to leadership in education, based on the paradigm of qualitative research.

The study analyzed the substantive features of transformational, transactional, service and authoritarian leadership models and their impact on the organizational culture of the school, the professional activity of teachers and the academic achievements of students. The results showed that transformational leadership has the most positive impact on the strategic development of the school, the growth of innovative potential and the strengthening of collective motivation.

In addition, emotional intelligence, strategic thinking, ethical responsibility and the reflective culture of the school head are identified as the main determinants of managerial effectiveness.

The conclusions of the study substantiate the need to review the system of training and professional development of school leaders. The comprehensive development of leadership competencies will make it possible to realize the internal potential of the educational organization, strengthen the culture of professional partnership and improve the quality of strategic management. The results of the article expand the theoretical and methodological base of management of educational organizations and provide a scientific basis aimed at improving pedagogical policy and personnel training system.

The theoretical considerations presented in the article are aimed at revising school management practices, forming a scientific and methodological basis for leadership development programs, and proposing a new scientific approach to the strategic management of educational organizations and the establishment of a leadership culture in the teaching environment.

Keywords: leadership, school principal, transformational management, teaching staff, professional motivation, organizational effectiveness, leadership culture, strategic development.